

№ 3 дәріс

Тақырыбы: ДЫБЫСТЫҚ ЖАЗУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Дәрістің мақсаты: Жазба тіл мен ауызша тілдің өзіне тән белгілерін анықтау. Жазба тіл мен ауызша тілдің өзара кодталу сатыларын, жазба тіл мен тілдік жүйе арасындағы қатынастын және жазудың негізгі категорияларын түсіндіру.

Дәрістің жоспары:

1. Жазба тіл мен ауызша тілдің өзіне тән ерекшеліктері.
2. Жазба тіл мен ауызша тілдің өзара кодталу сатылары.
3. Жазба тіл мен тілдік жүйе арасындағы қатынас.
4. Жазудың негізгі категориялары.

1. Жалпы тіл АТ және ЖТ оппозициясында топтастырылады. Оның мынадай себебі бар:

- 1) қазіргі адам санасында ойдың сыртқы тілге кодталуының екі түрі болады: графема арқылы сөздің графикалық портреті және фонема арқылы сөздің негізгі дыбыстық реңкі;
- 2) адам санасында тіл екі түрлі болып сақталады: ауызша және жазбаша, жазу монополиясының күшеюі тілдік санада екі түрлі ойлау жүйесін қалыптастырып отыр.

Кез келген сөзді естіген сауатты адамның санасында сөздің фонетикалық бейнесімен қатар, *графикалық портреті* елес береді. Бұл – әдеби стиль түрін меңгермеген кез келген сауаты бар адам санасында болатын код түрі.

Б.Куртенэ тек сөйлей ғана білетін адам мен сөйлей де жаза да білетін адамның санасында айырмашылық барын айтқан. Стиль түрлерінің ешқайсысымен машықтанбаған, сауатты адамның санасында, сонымен, екі түрлі елес өмір сүреді. Бұның біріншісін – АТ-ны адам кішкентай кезінен отбасы, үй ішінде, ауыл, аула айналасы, қоғамдық орындарда (көлік, дүкен, асхана т.б.) меңгеріп, ал теледидар, радио, мәдени орындардағы сөйленістерден бейтарап әдеби сөйлеуді естіп өседі. Ал мектепке барып, сауатын ашқаннан ЖТ-ны алдымен АТ-ның деңгейінде (сөз тіркесін, сөйлем түрлерін құрап) қабылдайды. Жазуды пайдаланып, біреуге білдіретін ойын хат, қолхат арқылы шығарады. Немесе іштегі ойын сөйлем, мәтін (шығарма, әңгіме) құрау арқылы білдіреді. 2-сыныптан басталатын ЖТ-ның жүйесін меңгерудің осындай сатылары адам санасында, жоғарыда айтылғандай, ЖТ-ның елесін қалыптастырады.

АТ **ауызекі сөйлеу тілі** (отбасы, аула т.б.), **бейтарап әдеби тіл** (БАҚ тілі, шешендік сөз, дәріс, жиналыс), **ресми тіліне** (мектеп бағдарламасы, ғылыми конференция, жиналыс сөзі т.б.) бөлінеді. ЖТ **жазба ауызекі тіл** (хат, қолхат интернет тілі) және **жазба әдеби тілге** (көркем әдебиет, публицистикалық, ғылыми, ресми ісқағаздар стилі) ажырайды.

Сонда кез келген сауаты бар адам алғашқы үш сатыны меңгереді, санасында айту-есту, жазу-көру елесі тұрақты болады.

Сонымен, тілді меңгеру деген ауызекі сөйлеу тілінен жазба әдеби тілге қарай (әсіресе ғылыми, ресми ісқағаздары) қиындай түседі. Ол, ең алдымен, жазу жүйесінің күрделілігінен шығады. АТ мен ЖТ арасында бейтарап әдеби тілдің болуы алдыңғысынан соңғысына көшуді жеңілдетеді, яғни ауызша сөйлеу тілі мен әдеби тілді жазу арқылы қағазға түсіріп үйренген адам, бірте-бірте жазу жүйесіне де ене бастайды.

ЖТ-ның сипаты мынадай бөліктерге бөлінеді: *жалпы графикалық ерекшелік, графикалық және графемдік ерекшелік.*

Жалпы графикалық ерекшелікке ЖМ-нің парақ бетіне орналасуы, азатжол, көз тынысы, (үлкен ашық жол), қаріп түрлері (майлы, ашық, көлбеу әріп), үздікті жазу, асты сызылған жазу, қаріп түсі жатады.

Графикалық ерекшелікке сол ЖТ-ның қолданып отырған графикасы, әріп саны, әріп тіркесі, әріп диакритикасы жатады.

Графемдік ерекшелікке әліпбидегі әріп мәндері, графеманың мазмұн межесі мен тұрпат межесі, тілдің фонологиялық құрылымының графемаларға сәйкес келуі, бір әріптің бір/бірнеше фонеманы, бір/бірнеше фонеманың бір графемаға сәйкес ЖТ-ның оқылу және жазылу жүйесі жатады.

Жазу дегеніміз ойдағы мазмұнды дыбыстық (фонемалық) код арқылы (бұл жазар алдында ауызша айтып алумен немесе іштей, дауыстамай сөйлеуден көрінеді) графикалық кодқа түсіру болып табылады. Дыбыстық кодтың графикалық кодқа айналуын фонема атқарады.

Жазу - адамдардың қашықтықта тұрып, қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ету. Өйткені жазу қоғамдық қажеттіліктен туындады. Адамдар арасындағы күрделі қоғамдық қатынастың дамып жетілуін ауызша сөйлеу тілі қанағаттандыра алмады. Сондықтан жазудың шығуы ең алдымен қарым-қатынастың маңызды бір құралына деген қоғамдық мұқтаждыққа қарыздар.

Ауызша сөйлеудің екі кемшілігі болды: таралу кеңістігінің шектеулілігі және уақыт жағынан шектеулілігі. Адамдардың қоғамдық-саяси, экономикалық және әлеуметтік қатынасында жоғарыдағы олқылықтарды толтыру үшін пайда болған жазудың миссиясы, бүгінде қарап отырсақ, тереңде екен.

Тілдің даму тарихы тұрғысынан келсек, тіл адам санасындағы ойды жарыққа шығарып, жазу ауызша айтылған ойды оптикалық құралдар арқылы визуалды дүниеге айналдырады. Сонда жазу тек қосалқы қызмет атқаратын құрал болып табылады. Алдымен аса маңызды қатынас құралы болған - тіл ауызша түрде өмір сүрді. Талай жүз жылдықтар бойы басқа қатынастың түрін іздемеді. Сөйтіп, ойды жарыққа шығарудың және айналасына қатынас жасаудың жалғыз түрі ауызша сөйлеу ғана болды. Жазу енді тілдің осы екі қызметінің көшірме түрі ретінде, қосалқы қызмет атқаруға келгендей. Оны сызба ретінде былай нобайлауға болады:

Тілдік сана => тіл => ауызша сөйлеу=>жазу

Үшінші мыңжылдықтағы жаңа технологиялар тасқыны, ғылыми-техникалық прогресс, ақпарат таратудағы жаңа көздер, қашықтық пен уақыт

барьерін жеңетін жаңа техника түрлерін ойлап табудың жоғары деңгейінде келеді. Осымен байланысты ауызша коммуникацияның жетілген технологиялы бүгінгі кезеңінде жазудың адамзат өркениеті үшін атқарар қызметін парықтаудың қажеттілігі бар. А.Байтұрсынұлы «Біздің заман - жазу заманы: жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман» деген.

Жазусыз өркениет болмасы анық. Тас дәуірінен атом дәуіріне дейінгі адамзат мәдениетінің жетістіктерінің бәрі жазу арқасында.

Жазу - тілді жаңғыртудың, бекітудің құралы. Жазу ауызша сөзді таңбалап қана қоймайды, адамның тіл туралы түсінігін кеңейтеді, тереңдетеді. Тілдің инвариантты, абстракті, күрделі құрылымдық деңгейге жетуіне әсер етеді. Соған сәйкес тілдегі синтаксистік құрылымдар, күрделі фразалық тұтастықтар жазудың негізінде пайда болды. Тілдің (әдеби тілдің) стильдік тармақтары сараланды, стиль нормаларының қалыптасуына әсер етті. Сөйтіп, жазу сөйлеуде елене бермейтін тілдің барлық қалтарыстарын нақтылаудың негізінде тілдің сұрыпталып, нормаланған, електен өткен құрылымын ғана таңбалап, жазу нормасына сай сөйлемдер мен мәтіндерді тілдік жүйеге жатқызды. Сондықтан ауызша сөйлеудегі еркіндікті тілдік қалыпқа салу, яғни жазуға түсіру кез келген сауатты адамның қолынан келмейді. Адам күнделікті қарым-қатынас тілімен біреуге хат жазу мүмкіндігіне ие болғанмен, өзінің ойын жүйелі, толыққанды, мазмұнды етіп жазбаша жеткізуде қиындыққа тап болады. Сонымен, жазудың екінші қызметі тілдің жүйелі құрылымға айналуына әсер етуі болып табылады. Тілдің барлық потенциалды мүмкіндіктерін ашып, пайдалануға әсерін тигізеді. Сондықтан да бүгінде жазылған дүниені сол тілдің жүйесі мен құрылымы ретінде тануға, қабылдауға, тілдің «өзі» деп түсіндіруге, түсінуге күмән қалмайды.

Үшіншіден, жазу - адам ойының материалданып, жарыққа шығуының, дәлірек айтқанда шығармашылық әрекетінің құралы. «Көңілдегі көрікті ойдың сыртқа шыққанда өңі қашатын» болса, жазудың арқасында қағазға түскен шашыраңқы ойды жүйелеуге болады. Жазудағы стандарттық құрылымдар, сөйлем мүшелерінің нормативті орын тәртібі ақыр соңында сыртқа шыққан адам ойын өзгеше сипат алдырады. Оның үстіне жазылған мәтінді қайталап оқып, толықтыруға, қысқартуға, нақтылауға, қайта құруға мүмкіндік бар. Мәтінді араға уақыт салып қайта қарап, жетілдіруге болады. Ой үстіне ой жалғауға болады. Сөйтіп, жазу түптің түбінде адамның өз сөзінің бөгделенуі болып шығады. Жазудың арқасында сөз екінші өмірге, дербес өмірге ие болады. Демек, жазу қарым-қатынас құралы емес, тілдік жағдаят болмаса да адам өз ойын монологті түрде жарыққа шығаратын сананың материалдану құралы болады. Оқу процесі тыңдауға қарағанда аз уақыт алады, қармап оқу, таңдап оқу, қайталап оқу мүмкіндіктерін береді. Жазу, сөйтіп, мәтін мазмұнын тез түсінуге, бірден қабылдауға, оңай меңгеруге ауызша тілге қарағанда қолайлы. Бүгінде сөздің графикалық бейнелері фонетикалық бейне сияқты адам санасында дайын тұратын болды.

Осы айтылғандарды түйіндей келе жоғарыдағы сызбаны былай жетілдіруге болады: жазу=>Тілдік сана => тіл=>ауызша сойлеу.

Төртіншіден, жазу адам санасындағы ойдың жетілуіне, жасалуына, жүйеленуіне, реттелуіне, нақтылануына қызмет етеді. Бұл бір қарағанда жазудың алдыңғы қызметімен бірдей болып көрінуі мүмкін. Алайда соңғысы ойдың өзіндегі жетілу туралы. Алдыңғысы сыртқа шыққан ой мен мәтінді оқыған оқырманның арасындағы түсіністіктің орнауы туралы болса, мұнда адам ойын қағазға түсіре отырып, жетілдіреді, жазу арқылы ойланады, сөйтіп, жазу енді ойдың өзіне түрткі болады. Әрине, ауызша сөйлеу де адам ойының нақтылануына, жүйеленуіне әсер етеді. Алайда жазу тілдік санадағы барлық қалтарыстарды қағаз бетіне түсіруге уақыт жағынан да мүмкіндік береді.

Ал жазудың коммуникативтік негізгі қызметін бүгінгі таңда ауызша коммуникативтік техникалық құралдары (телефон түрлері, интернет жүйесі) екінші қатарға ығыстырып отыр. Интернет жүйесін де ауызша коммуникация түріне жатқызып отырғанымыз, мұнда жазу графикасы мен таңбалары пайдаланғанымен, жазба тіл жүйесі сақталмайды. Ақпарат ауызша тіл жүйесінде құрылып, тіпті өздік коммуникация (аудиалды-визуалды) жүйесін жасауға айналды. Сонда жазудың коммуникация қызметі бүгінде екі формада көрініп отыр:

- 1) хабарласудың ресми, іскерлік сипатында (ресми іс-қағаз);
- 2) интернет жүйесі арқылы хат жазысу аясында.

Алтыншыдан, жазу - адам жадының бір түрі. Біз есте сақтауға тиіс ақпаратты жазып жадылайтын болдық. Информация мазмұны мәтінге көз жүгірткеннен кейін еске түсіруге, «түртіліп» алынған ойды ауызша таратып айтуға, керісінше ауызша айтылған ойды қысқартып, «түртіп» отыруға болады. Қазіргі оқу орындарындағы оқу-оқыту процесі осы әдіске құрылған.

Жетіншіден, жазудың тіл тарихын сақтаушы, уәжін көрсетуші қызметі бар. Бұны жазудың тілтанымдық қызметі деп атаймыз. Ауызша тіл үнемі өзгерісте болады, жаңарып, жаңғырып, үнемделіп отырады. Академик Л.В.Щерба ең бірінші өзгеретін сойлеу тілі және зерттелмей жатқан сала да сөйлеу тілі деген. Сондай-ақ жазу тіл бірліктерінің шығу тегін, уәжін, әсіресе түбір тұрпатын өзіне бейнелеп, тіл тарихы үшін аса құнды тарихи дерек жинап отырады. Сөйлеуде жаңаша дыбыстағанмен немесе сөйлегенмен, ол бірліктердің инвариантты тұлғасын жазу ғана сақтай алады. Енді жазудың келесі қызметін осы айтылғаннан шығара отырып, тілді нормалаушылық деп атаймыз. Ауызша тіл бір нәрсеге табан тіреуді керек етеді. Сонда ол «тіреу» көп өзгеруді «ұната» қоймайтын консервативті жүйе — жазу болып табылады. Адамзат тілі өзінің даму барысында реалдануға, үнемделуге, адресат пен адресанттың ішкі сөйлеуінде құрылымы бар конструкцияларды ауызша сөзге айналдырмай-ақ түсінісуге, тіл бірліктерінен гөрі просодикалық бірліктерді көп қолдануға, арго, жаргондарды жиі пайдалануға, тілді мамандануға барынша ұмтылады екен. Сонда жалпыхалықтық тілдің нормасын сақтап, визуалды, оккозианалды қолданыстарды, тілдің дыбыстық, морфемдік, лексикалық, синтаксистік

бірліктерін нормалап отыратын жүйе жазба тіл болып шығады. Адам жады жазылған сөзді норма деп, белгіленбеген, көрсетілмеген сөзді норма емес деп тануды дәстүрге айналдырады. Сонымен, жазудың бұл қызметі ауызша сөйлеуді нормалап отырады дегенге саяды.

Сондай-ақ кез келген қашықтықта тұрып айтылған ой, жаңалық, нәтиже кітап болып басылса, бүкіл адамзаттың құндылығына айналады. Адамзат санасы ұрпақтан-ұрпаққа жазу арқылы жетеді, жазу арқылы сол дәуірдің бейнесін көреміз. Жазуы бар тілдердің тіл тарихын айқындауға мүмкіндік бар. Жазба тіл ескерткіштері бар тілдің мәртебесі жоғары саналады. Сонымен, бүгінгі күн тұрғысынан жазудың мынадай қызметтері бар деп білеміз:

1. аргументтік қызмет (әлеуметтік қызмет);
2. тіл жүйелеушілік қызмет;
3. ойжасамдық қызмет;
4. ойды жарыққа шығару қызметі;
5. жады қызметі;
6. тілтанымдық қызмет;
7. тілді нормалаушылық қызмет;
8. кумулятивтік қызмет (мәдениетті сақтайтын, жеткізетін қызмет);
9. коммуникативтік қызмет.

Қорыта келгенде, жазу уақыт пен кеңістік шектеулігіне тәуелсіз, адамдар арасындағы қатынас құралы ретінде пайда болды деп түсіндірілгенмен, негізінен оның маңызы мемлекеттік құрылыс пен сауданың, мемлекетаралық саясаттың дамуына тіреледі екен, сонымен бірге оның маңызы тілді жетілдіретін, жүйелейтін, нормалайтын, ойжасайтын, бекітетін, сақтайтын қызметтерімен өлшенеді.

2. Жалпы, код, кодталу деген — әртүрлі информация беруге, өңдеуге, әрі сақтауға арналған шартты белгілер жүйесі. Кейбір объектілерді конструктивті жүйе объектілеріне айналдыру, өзара келісілген белгілі бір шартты таңбаларға қандай да бір мағынаны сыйдыру дегенге саяды. Сондықтан кодтау алғашында криптографияда (жасырын хабарлар жіберу теориясы) қолданылды, кейін ақпарат теориясына ауысты. Қоғамдық өмірде де әртүрлі кодтар жүйесі пайда бола бастады. Мысалы, 1872 жылы ең алғаш Ұлыбританияда пайда болған телеграф коды аз таңбаға ұзақ сөйлемдерді сыйдырып, қарым-қатынасты жеңілдетті. Код қандай жағдайда болсын таным процесіне араласатындықтан түсінік, ой, ішкі ой, кодталу туралы ғылыми әдебиетте айтылады.

Сонымен, жазу тарихындағы идеограммалар мен логограммалар, силлабограммаларды, ДЖ әріптерін, оның алфавитін кең мағынада алғанда код жүйесі, қоғамдық ортақ шарттылық нәтижесі деуге тұрады.

3. ЖТ-ның нормасы болып табылатын бірліктер мен конструкциялар жалпы тілдік жүйенің нормасы болып есептеледі. Жазудың, ойжасам қызметі, жазу арқылы ойлау, ЖТ-ның айқын жүйесі жалпы тілдің жүйесі мен құрылымына әсер еткені сөзсіз. Сондықтан бүгінгі күн тұрғысынан ЖТ-ны меңгерген (меңгермеген) коммуниканттардың АТ-дағы жүйелілік дәрежесін

анықтаудың қажеттігі бар.

Бодуэн де Куртенэ тілтұтынушыларды үш сатыға бөлген. 1 сатыға сөйлеуді енді үйрене бастағандар, мысалы балалар тілін немесе бөтен тілдік ортаға түскен адамдар тобын жатқызады. Ол топ сөйлеуге белсенді араласа алмайды. 2 сатыға айту, есту мүшелері мен түсініктері арқылы белсенді сөйлесе алатындарды шығарады. 3 сатыға әрі сөйлей, әрі жаза алатын, оқу-жазу түсініктері бар сауатты адамдарды топтастырады. Алғашқы топ басқаны түсіне алғанмен, өздері сөйлей алмайды, ортаңғы топ оқи алғанмен, жаза алмайды, соңғы топ оқи да, жаза да алады. Ғалым осылай топтастыра отырып, әр топтың өзіне тән ерекше психикасы, тілді қолдану, тілді түсіну жағынан айырмашылығы болады дейді. Сөйлей алатын адамның жады тек айту-есту түсініктеріне табан тірейді дейді. Жазу мен тіл арақатынасы тек сауатты адамның психикасына, яғни жазу-көру, айту-есту түсініктері бар адамның психикасына қатысты дейді.

Сонымен, бүгінгі күн тұрғысынан, біздің ойымызша, тілдік жүйе мен норма ЖТ-ның жүйесі мен нормасына сай келеді.

4. Жазудың негізгі категориялары. Л.В.Щерба жазу теориясы *дыбыстық таңбалар* мен *грамматикалық таңбаларға* және *ұғымдық таңбаларға* ажырайды деген. Мұндағы дыбыстық таңбалар әріптер болса, грамматикалық таңбалар пунктуациялық белгілерге, ұғымдық таңбалар сөздердің бөлек, бірге, дефис арқылы берілуі, бас әріп, кіші әріп сияқты элементтерге саяды. Осы негізде жазудың негізгі категориялары шығады. Ол – алфавит, графика, орфография және пунктуация. Алфавит арқылы белгілі бір ЖМ-да әріптерді фонемаларға таңып, мәтін мазмұнын оқимыз. Графика жазу түрлерін, қаріп түрлерін пайдалану деген сияқты ЖМ-нің бүкіл тұрпатын ұйымдастырады.

Л.В.Щерба, А.Н.Гвоздев бірде орфография графика мүмкіндіктерінен аса алмайды десе, бірде орфографияның графика ережелеріне қайшы келетін тұстары көп дейді. Жазу ережелерінің графика мен орфографияға бөлінуі жазудың екі кезеңнен тұратынын белгілейді деді.

Ал МФМ өкілдері тіліміздегі сөз формалардың жартысынан астамы алғашқы кезеңде-ақ (графикада) дұрыс жазылады да, орфографияның үлесіне тек күрделі түрі қалады деді. Орфография мен графика тек әріпті таңдағандағы екі түрлі жағдай деп түсіну керек. Былайша айтқанда, бұлар фонологиялық және морфологиялық жағдайлар: егер әріпті жазарда біз морфемаға қатыссыз тек басқа фонемаларға, екпін, сөз басы, соңына қатысты алып отырсақ, бұл фонологиялық болады; ал әріпті морфема аясында қарасақ, онда морфологиялық болады деді.

С.М.Кузьмина жазуды графика мен орфографияға бөлудің қажеті жоқ деді. Себебі жазу процесінің өзі бір-ақ этаптан тұрады. Жазғанда біз алдымен графикалық, соңынан орфографиялық жазумен жазып, екі рет жұмыс істемейміз және графикалық жазуды жүзеге асыратын жалған әріптер жазарманның санасында болмайды деді.

Графикаға лигатуралар, диакритикалық таңбалар (дәйекші, екпін, созылықтылықты білдіретін белгі) кіреді.

Дұрыс жазу мен орфография – синонимдес сөздер. Орфография 1) дұрыс жазу нормасы; 2) әріптік таңбалардың емлесі; 3) белгілі бір тілдегі нақты бір сөздердің жазылу ережелерін қамтитын тілдегі фонемалардың қалай жазылатынын емес, сөздердің қалай жазылатынына жауап беретін сала мағынасында жұмсалады.

Дәріс бойынша бақылау сұрақтары:

1. Жазба тіл мен ауызша тілдің ерекшеліктері қандай?
2. Жазба тілдің сипаты қандай бөліктерден тұрады?
3. Дыбыстық код дегеніміз не?
4. Графикалық код дегеніміз не?
5. Жазудың негізгі категориялары қандай?
6. Л.В.Щерба жазу теориясы туралы қандай пікір айтты?
7. Орфография дегеніміз не?